



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 18 (817) 2 мамыр 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi

<https://vk.com/Magzhanzhuldizi>

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ӘР АРДАГЕРГЕ 1,5 МЛН. ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

Жеңіс күніне орай солтүстікқазақстандық Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1,5 млн. теңгенен қаражат беріледі. Бүгіндері өңірде көзі тірі 4 майдангер бар.



СҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, өңірдегі 4 ардагердің барлығы да Петропавлда тұрады.
– 4 солтүстікқазақстандық

ардагердің әрқайсысына 1,5 млн. теңгеден ақша төленеді. Ал Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген 3231 азаматқа арнаулы мемлекеттік жәрдемақы қарастырылған, – дейді басқармадағылар.

Сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек еткендер мен КСРО ордендерімен немесе медальдарымен наградталғандарға 18460 теңгеден 100 000 теңгеге дейінгі біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Биыл аталмыш біржолғы көмек төлеу үшін 69 млн. теңге қарастырылған.

8 МАМЫРДАҒЫ ЖҰМЫС КҮНІ СЕНЫДЕГІ ДЕМАЛЫС КҮНІНЕ АУЫСТЫРЫЛДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ма. 2024 жылғы 17 сәуірдегі «2024 жылғы демалыс күнін ауыстыру туралы» бұйрыққа қол қойды.



«Демалыс күнін 2024 жылғы 4 мамырдағы сенбіден 2024 жылғы 8 мамырдағы сәрсенбіге ауыстырылады», – делінген құжатта. Бұйрық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Осылайша, қазақстандықтар үш күн қатарынан, яғни 2024 жылдың 7, 8 және 9 мамыры

демалады. 7 мамырда Отан қорғаушылар күнін және 9 мамырда Жеңіс күнін тойлайды. 4 мамыр - жұмыс күні болады. Сонымен қатар, 1 мамырда қазақстандықтар Қазақстан халқының бірлігі мерекесін атап өтті.

25 МАМЫР КҮНІ МЕКТЕПТЕРДЕ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛМАЙДЫ

Қазақстанда 2023-2024 оқу жылын 3,8 миллионнан астам оқушы аяқтайды, оның 186 мыңы - мектеп тұлғалары.



Былғы оқу жылының ұзақтығы 34 аптаны құрайды, оқу 25 мамырда аяқталады.

— Су тасқыны жағдайына және 25 мамырдың демалыс күніне сәйкес келуіне байланысты 24 мамыр күні барлық мектепте 2023-2024 оқу жылының аяқталуына арналған сынып сағаты ұйымдастырылады. Онда сынып жетекшілері оқушылармен бірге өткен оқу жылын қорытындылайды. Су тасқыны болған өңірлердегі сабақ қашықтан

ұйымдастырылған балалар үшін сынып сағаттары онлайн форматта өтеді, - деді Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті директорының орынбасары Қарлығаш Құрманбекова.

II (12) сынып тұлғаларына аттестат тапсыру және ерекше үлгідегі «Алтын белгімен» марапаттау 19-22 маусым аралығында мектептердегі барлық емтихан аяқталғаннан кейін өтеді.

Айта кетейік, 9-11 сынып тұлғаларының қауіпсіздігін және емтихандарға сапалы дайындығын қамтамасыз ету мақсатында ақша жинауға, сату-танатты іс-шаралар, банктерге ұйымдастыруға және автомобильдермен шығуға тыйым салынады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚХА-НЫҢ XXXIII СЕССИЯСЫН ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясын өткізді.

Президенттің төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы өтті. Жиында Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның өңірлердегі делегаттары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын өңсереу үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанаушы және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерін айнамайтынына назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде биліктің барлық тармағы адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға және оны ілгерілетуге негізделген жаңа жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ендігі міндет – әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның бүгінгі сессиясы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» деп аталғанын, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

Президент осы мақсатқа жету үшін орындалуға тиіс бірнеше өзекті міндетке арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды.

Сонымен қатар Президент бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлтпына қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтпына, дініне несиесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Президент Ассамблеяның институционалдық әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, Ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсартуа түсу керек екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілетуіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс оқшақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяның әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін

жүктеді. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, еліміз соңғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткізіп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жеңетінімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенім білдірді.

«Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Республикалық тәжік этномәдени орталығының төрағасы Ақбаржон Исмаилов, ҚХА Төрағасының орынбасары, Қазақстан корейлері қауымдастығының президенті Юрий Шин, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық ұйымының төрағасы Тимур Жұмырбаев, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» ұйымы өкілдігінің төрағасы Александр Урмашов, Жетісу облысындағы Достық үйінің директоры Руфина Усанова сөз сөйледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекеттік тілді дамытуға сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтқанда, II дәрежелі «Достық» орденімен Астана қаласы Қайырбеков атындағы №2 мектеп мұғалімі Елизавета Шнайдер, «Ел бірлігі» орденімен «Қазақстан украиндарының радасы» бірлестігінің төрағасы Юрий Тимошенко, мемлекет және қоғам қайраткері Мурат Ахмадиев, «Дустық» Қазақстан өзбектерінің этномәдени қауымдастығы төрағасының орынбасары Хасан Шарипов, «Ерен еңбегі үшін» медалымен Степногорск балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқытушысы Николай Дураченко, Атырау қалалық №3 мектеп-гимназиясының мұғалімі Татьяна Любина, «Шалағат» медалымен Өскемен металлургия кешені Мырыш зауытының күйдрүшісі Сергей Панасюк, Ұлытау облысы Қожақұллов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының аккомпаниаторы Аркадий Побединский, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімше командирі Кирилл Пономаренко, Ақмола облысы Арайлы ауылы орта мектебінің мұғалімі Анастасия Ирубаева марапатталды.

Бұған қоса, Қазақстан халқы Ассамблеясы Шығыс Қазақстан облысы ғылыми-эксперттік тобының төрағасы Нелли Краснобаеваға, Қарағанды облысындағы «Ассамблея жастары» өкілдігінің төрағасы Александр Урмашовқа, Жетісу облысы «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы Руфина Усановаға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ТАЗА ҚАЛАДАН БАСТАЛАДЫ



Ел көлемінде болып жатқан шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Президент елордалық жастармен бірге «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызып, өскелең ұрпақты туған жерімізге құрметпен қарауға шақырды.

Жалпы көктем келісімен барша отандастарымыз «Таза Қазақстан» акциясына ерекше ынта-ықыласымен кіріседі. Сондықтан туған жерді түлетіп, оны көркейтуге үлес қосу әркімнің парызы екенін айтқан Президент, шараның тәлімдік мәніне де тоқталып, оның мемлекеттік маңызы бар іс екенін алға тартты.

Шын мәнінде елімізді қоғалдандыру, абаттандыру үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін біртұтас науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл жалпыұлттық мәселе.

Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ ең алдымен Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек.

Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясына барша қазақстандықтар үлес қосып, туған жерімізді көркейтуге атсалысуда. Осыған орай, 27 сәуірде аудан бойынша барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен мекемелердің 2000-нан астам адамы сенбілікке шықты.

ол қоше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәрине ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Елімізде төртін болуы керек. Заңды сақтау қажет, - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақ халқы артында мал қалғанша, тал қалсын деп текке айтпаған. Табиғатпен біте қайнасақ халқымыздың осы бір дәстүрі берекелі бастамаларға ұласуда. Мәселен, сенбілік барысында ауданда 1000-нан астам ағаш көшеттері отырғызылды. Аталмыш шараға аудан басшылары да қатысып, қала аумағын тазалап, ағаш көшеттерін отырғызды.

- Біз, мағжандықтар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдаймыз. Бұл шара - экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Сол себепті, бүгінгі күні осы акция халықтың ыстық ықыласын, белсенділігін тудырып отыр.

Сенбілік барысында жалпы 15 тоннадан астам қоқыс шығарылып, 500-ден астам ағаштар мен бағаналар өктелді. Сонымен бірге, қоршауларды, ескерткіштер мен обелисктерді сырлау жұмыстары жүргізілді. Бұл күні учаскелік полиция қызметі мен аудан белсенділері іргелес аумақты тиісті күтім ұстау туралы 3000-нан астам жадынама таратты, - деді аудан әкімі Қайрат Омаров.

Жалпы республика бойынша жастар ресурстық орталықтары мен жастар ұйымдарының бастамасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы сәуір айының басында басталған болатын. Бұл науқан бес аптаға созылады. Әр аптаның өзіндік атауы мен нақты мақсаты бар.

Мәселен, науқанның алғашқы күнінен 13 сәуірге дейін созылатын бірінші апта «Таза өлке» деп аталады. Бастапқы жеті күн ішінде елдімекендердің тұрғындары, қоғам белсенділері, ұйымдар мен

кәсіпорындардың қызметкерлері іргелес аумақтар мен белгіленген аулаларды тазалайды.

20 сәуірге дейін жалғасатын екінші аптаға «Киелі мекен» атауы беріледі. Бұл күндері тарихи-мәдени ескерткіштер аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

27 сәуірге дейінгі үшінші аптаға «Жасыл аймақ» тақырыбы қойылды. Бұл апталықта көшеттер отырғызылады және ағаштар өктеледі.

«Өнегелі ұрпақ» деп аталған келесі апталық 4 мамырға дейін жалғасады. Айтылған күндері ардагерлер мен қарттардың аулаларына тазалық жүргізіліп, оларды абаттандыруға көмек беріледі.

«Мөлдір булақ» атауы берілген соңғы бесінші аптада су айдындары – өзендер мен көлдердің айналасы қоқыстан тазартылады. Игі бастама аясында қазақстандықтарға татулықта өмір сүруді дәріптейтін, қоғамдық сана қалыптастырып, жауапкершілікті арттыруды насихаттайтын қайырымдылық және мәдени іс-шаралар өтеді.

**Еркін ТӨЛЕГЕН,
Суреттерді түсірген
Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.**

САҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Мемлекет басшысы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдарға қол қойды. Қазақстан гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюды өзінің жақтайтынын көрсетуде. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігін елемей болмайды, ол тек адамға зиян келтіріп немесе өлімге әкеліп қана қоймай, балаларды жетім күйге түсіреді әрі күйзеліске ұшыратады.



Қазақстан посткеңестік кеңістікте бірінші болып (2009 жылы) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы құқықтық акті қабылдап, оған анықтама беріп, заңды жауапкершілікті бекітіп бергенін атап өткім келеді.

2023 жылғы 8 желтоқсанда Президенттің Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарына сәйкес әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі шараларды күшейту бойынша өзіншегі заңнамалық түзетулер оларды жұртшылықпен кеңінен талқылау қорытындылары бойынша қол қойылған заңдарда көрініс тапты.

Қоғамдағы әл-ауқат отбасындағы климатқа тікелей байланысты, осыған байланысты осы дәстүрлі әлеуметтік институтта зорлық-зомбылық көрсетуге жол берілмеуі керек. Қазақстандық қоғам ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтқан зорлық-зомбылыққа нәлдік төзімділікке қол жеткізудің маңыздылығын мен қажеттілігін түсінеді.

«Неке және отбасы туралы» кодекстің 2-бабына дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету туралы толықтырулар енгізілді. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін, сондай-ақ отбасы институтын, көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтуға арналған нормалар енгізілді.

Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік

қатаңдатылды.

Тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулығына жеңіл зиян келтірмеген ұрып-соғу үшін 80 АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан 50 тәулікке дейін қамау түрінде жаза енгізіледі. Адам денсаулығына жеңіл зиян келтіргені үшін 200 АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін жаза қолданылады. Заң балаларды тартып алуға ықпал етуі мүмкін деген пікір дұрыс емес ақпарат болып табылады. Балаларды отбасынан тартып алу осы заңдарда қарастырылмайды.

Жаңа Заң балаларды педофилдерден қорғайды. Енді бұл үшін олар өмір бойы отырғызылады. Кішкентай балаларды өлтіру үшін де солай. 40 тәулікке қамауға алынғанға дейін 16 жасқа толмаған адамдарға жыныстық сипаттағы қорлау үшін жауапкершілік енгізілді.

Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыс деп тану мемлекеттің азаматтық қоғаммен бірлескен жеңісі болды.

Бұзақының жәбірленушімен бірге тұруына тыйым салу секілді ерекше талаптар қою мүмкіндігі, ең маңызды жаңалық болып отыр. Зорлық-зомбылықтың кез-келген түрі жазалануы керек.

Аталған түзетулерді қабылдау іс жүзінде мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның бірлігін, Әділ Қазақстан құру жолында Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының тиімді жұмысын көрсетеді.

Жанат ЖҰМБАЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша адам құқықтары жөніндегі өкілі.

САМАН КЕҢЕСІ

ҚҰТЫРМА ВИРУСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Қалалар мен ауылдардың көшелерінде иесіз иттер күрт көбейіп кетті. Соңғы кездері өте сирек кездесетін иттер тұқымын ұстау сәнге айналды. Ондай иттер күнімен пәтерде қамауда тұрғандықтан, олардың мінез-құлқы тарығандығына, олардың мінез-құлқы тарығандығына, олардың мінез-құлқы тарығандығына агрессивті болып келеді. Қаңғырма иттер, әсіресе, көктем мен күз мезгілінде қауіпті. Осы кезде гармондары көбейіп, қозғалған нәрсеңіз барлығына күш көрсетуге тырысады. Қаңғыл жүрген бір топ иттерді көрген жағдайда, мүлдем жүгірмеуге тырысыңыз, жай ғана өте шығыңыз. Қашқан жағдайда итте ашықлық рефлексі пайда болып, тістеден құтылу мүмкін емес болады. Сондай-ақ, жаңа күшіктенген аналық итке де жолламауға тырысыңыз, себебі, аналық инстинкті қозып, тістеп алуға өбден мүмкін. Итті ұруға, қаты айғайлауға, ұруға болмайды. Ешқашан көзін тіке қарамаңыз. Егер ит қолыңыздан тістеген болса, оны жұлып алуға тырыспаңыз, керісінше өрі қарай итеріңіз. Көп жағдайда олар қолдан, саннан, ешқашан тістеді. Иттердің астыңғы жақ сүйектерінде екі азу тістері болады, сол арқылы зақыммен келтіреді. Тістеген уақытта сінкірлеп, жүйке жүйесі, қан тамырлары және сүйек жарақаттанады. Олардың тістегендері адамды

тек физикалық жағынан емес, психологиялық жағынан да зақымдайды.

Бұл жағдайда ең қауіптісі ол - құтырма ауруы. Кішкене тістеген болса да, медициналық көмекке жүгіну қажет, егер итте құтырма вирусы болатын болса, ол адамға жұғады. Құтырма 100% өліммен аяқталатын жүйке жүйесін зақымдайтын инфекциялық ауру. Аурудың инкубациялық кезеңі 10-15 күн, одан кейін агрессия мен ашушаңдық пайда болып, тыныс алу жолдары жабылып, өліммен аяқталады.

Құтырманың негізгі белгілері - иттен сілекейдің бөлінуі. Құтырманы жұқтырғаннан кейін, оны көтеру, адамның иммунитетіне байланысты. Вирус адам денесіне бірнеше сағаттан, бірнеше күнге, дейін сақталып, бара-бара жүйке жүйесін зақымдап, орталық жүйке жүйесіне дейін жетеді. Сондықтан да, миға жақын бет, мойын, кеуде тістелсе, ол ең қауіпті. Құтырма вирусын залалсыздау үшін, тістеген жерді кір сабымен жылы сумен жуу қажет. Жананыңыз дәріге қобдшасы болса, су ертіңдісімен жуып жіберуге болады. Егер қан ақса, оны тоқтатауға тырысыңыз, керісінше, қанмен бірге құрамында инфекциясы бар сілекей шығады. Содан соң жарақаттың жаңа жағына йод жағып, стерильді арауышпен орап тастау керек. Қажетті медициналық көмек алу үшін медициналық пунктке барған дұрыс. Егер қатты тістелген болып, өздігіңізден ауруханаға бара алмайтын болсаңыз, жедел жәрдем шақыртыңыз.

Медициналық тәжірибеде асқынға жол бермейтін, иммунитетті көтеретін вакцина бар. Антирабиалық вакцина 4 екепден тұрады, 0,5 мөлшерде иыққа салынады. Уақытылы антирабиалық екеп жүргізу арқасында ғана құтырма ауруынан сақ бола алатынымызды естен шығармайық.

Мүлпиха ШИБУКИЦОВА,
Мағжан Жұмбаев ауданының СЭББ бас маманы.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

«НАУРЫЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ



"Наурыз" бағдарламасына қатысуға ниет білдірген қазақстандықтар арасында 24 пен 35 жас аралығындағы жас қазақстандықтар көш бастап тұр.

25 сәуір күні Баспана маркет (otbasybank.kz) платформасына алғашқылардың бірі болып астаналық ескери азамат өтінім жолдаған. Ол үш жылдан бері Отбасы банкіндегі депозитіне тұрғын үй төлемдерін жинақтап келеді. Қазір отбасымен бірге жалдамалы пәтерде тұрып жатыр екен.

Астана тұрғын үй сатып алу үшін ең көп таңдалған Алматы, Шымкент, Ақтөбе мен Маңғыстау облыстары сияқты топ бес қала мен аймақ қатарына кірді.

Баспана маркет платформасы (otbasybank.kz) сағатына орта есеппен 400 өтінімді қабылдап, өңдеді. "Наурыз" бағдарламасы бойынша өтінімдер жұмыс күндері сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қабылданады.

Алғашқы күннің қорытындысы бойынша қазақстандықтар бас-аяғы 3 347 өтінім жолдады. Тұрғын үйі барлар мен депозитін қажетті сомаға, 1 млн теңге толтырмағандардың өтінімдері кері қайтарылды. 1 124 өтінім сәтті қабылданды, олардың жартысы тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерінен келіп тұсты.

Қатысушыларды дүрліктірмеу үшін өтінімдерді қабылдау мерзімі барынша ұзартылды. Ол 25 сәуірден 30 маусымға дейін, екі ай бойы жалғасады. Сондай-ақ өтінім беру күні мен уақыты ұяй санағанда ескерілмейтін болады.

Сондықтан банк салымшылары асықпай өз депозиттерін толықтырып, қажет болған жағдайда оны туыстарының депозиттерімен біріктіріп, бағдарламаның шарттарымен мұқият танысып, содан кейін ғана өтінім беруге кірісе алады.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін саралау басталады. Бағдарламаға қатысушылар тізіміне ең көп ұяй жинаған үміткерлер кіретін болады.

Ұяпайр қалай есептеледі?

- салым бойынша сыйақы мөлшері - әрбір 1 000 теңге үшін 1 ұяй;
- тіркелген некенің болуы - 5 ұяй;
- балалардың болуы - 10 ұяй (балалар санына қарамастан);
- халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ) мәртебесінің болуы - 10 ұяй;
- 35 жасқа дейінгі жас (қоса алғанда) - 5 ұяй;

Егер екі қатысушының ұяпайр саны сәйкес келсе, онда тізімге енгізу кезінде басымдық салым сомасы көп және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамға беріледі.

Саралаудан кейін клиенттер Банк сайтында "Наурыз" бағдарламасына өткен үміткерлер тізімін көре алады. Сондай-ақ олардың несие алуға тағы екі ай уақыты болады.

Отбасы банк осы уақыт аралығында, бар болған жағдайда, тұтынушылық несиелерді өтеуге кеңес береді, ессесіне содан кейін қарызды мақұлдау мүмкіндігі көбірек болады. Шынында да, төлем қабілеттілігін есептеу кезінде соңғы 6 айдағы ресми табыс қана емес, сонымен қатар отбасына жұмсалатын міндетті шығындар, сондай-ақ несиелер бойынша төлемдер де ескеріледі.

Заем бойынша оң мақұлдау алған үміткердің баспана іздеуіне 6 ай уақыты болады.

"Наурыз" бағдарламасының шарттары:

- алғашқы жарна - 20%-дан бастап;
- тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін кредит бойынша мөлшерлемесі - 7% (ЖТСМ 7,3%-дан 8,9% дейін);
- азаматтардың барлық санаттары үшін кредит бойынша мөлшерлемесі - 9% (ЖТСМ 9,3%-дан 11,8% дейін);
- несие мерзімі - 19 жылға дейін.

"Наурыз" бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алу бойынша келесі шарттар ұсынылады:

- алғашқы нарықтағы тұрғын үй, оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты және сақтандыру құралы бойынша;
- моноқалалар мен ауылдық елді мекендерде екінші нарықтағы тұрғын үй, жылына бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 30%-нан аспайтын көлемде.

Заемның ең жоғарғы мөлшері:

- Алматы мен Астана қалалары үшін - 36 млн теңгеге дейін.
 - қалған өңірлер үшін - 30 млн теңгеге дейін.
- Сондай-ақ, бір несие аясында сатып алынатын жатқан бастапқы баспана жөндеу жұмыстарына да ақша алуға да болады. Бастысы жөндеуге арналған қарыз сомасы тұрғын үй сатып алуға арналған кредиттің жалпы сомасының 20%-нан аспауға тиіс, бірақ қарыздың ең жоғары сомасы шегінде.

Бағдарламаға қатысушы өтеді Баспана маркет порталынан таңдап, брандп, сатып ала алады (otbasybank.kz). Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған.

Жанар ЖОЛТАЕВА,
«Отбасы банк» АҚ баспасөз хатшысы.

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУ - ХАЛЫҚ ЕРЛІГІ

Биыл тың игеруге – 70 жыл. Қазақ жеріндегі тың игерудің тарихы 1954 жылдан бастау алады. Сол жылдары халық наннан таршылық көрді. Сондықтан Кеңес Одағының үкіметі қазақ жерінде тың игеруді бастау қажеттігі туралы шешім қабылдады. Қысқа мерзімде Қазақстанда 25 миллион гектар жер игерілді. Жұмысты бастамас бұрын сарапшылар мен геологтар қай жерлерді егістік алқап ету қажет екенін зерделеді.

1954-1962 жылдар аралығында Қазақстанға тың игеруге 2 миллионға жуық адам келді. Тың игеру Қазақстан патриоттарын тәрбиелеп, адамдар тынымсыз еңбек етті. Осы уақыт аралығында 15 қала, 86 кент, жүздеген ауыл пайда болды. 530 мың шаршы метр жер баспаға қолданысқа берілді. Ауылдарда 7 мың үй тұрғызылып, 30 білім ошағы салынды.

Айта кету керек, тың игеру науқаны біздің ауданда да қамтып, сол жылдары аудан аумағында Молодогвардейское (одан бұрынғы атауы Маленков атындағы кеңшар), Золотая Нива (Ждановский атындағы кеңшар), Майбалық (одан бұрынғы атауы Булаев), Тамановское (одан бұрынғы атауы Веселовский) кеңшарлары құрылды. Сондай-ақ Бастомар, Возышен, Ұзынкөл, Молодежный елді мекендерінің де негізі қаланды.

Осы бір атаулы датаға орай, 26 сәуір күні аудандық Мәдениет үйінде «Тың игерудің мерейтойы» атты салтанатты іс-шарасы ұйымдастырылып, онда тыңайған жерлерді игеруге белсенді қатысқан адамдарға құрмет көрсетілді. Мәдениет ошағының дәлізінде біздің ауданда тың жерлерді игеруге арналған көрме ұйымдастырылып, іс-шара қонақтары аудандық тарихи-өлкетану мұражайы мен орталық аудандық кітапхана бөзөндірген экспозицияларды қызығушылықпен тамашалады.

Содан соң, сахна төрін ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағндықов пен білім бөлімі бастығының м.а. Талғат



Қарабаев шара қатысушыларына жылы лебіздерін білдіріп, ізгі тілектерін арнады. Содан кейін тың игеруге атсалысқан жандарға естелік сыйлықтар мен гүлдер табыс етіліп, марапаттау рәсімі өтті. Вячеслав Константинович Ярмольчук (құрылысшы), Александр Алексеевич Татъянченко (механизатор), Людмила Ивановна Пегина (агроном, диқаншы), Михаил Иванович Ризник (диқаншы, басқарушы), Нағима Ерденқызы Темірбаева (тракторшы), Валентина Никифоровна Коркина (жұмысшы), Капия Шахметова (жұмысшы) сынды еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетілді.

Содан кейін құрметті қонақтар тың игеру қалай басталғаны туралы естеліктерімен бөлісіп, қызықты деректерді айтып берді.

Мәселен, сол кезде Кеңес Одағы бойынша комсомолдар мен жастар жиналыстары белсенді өтіп, комсомол комитеттерінде оларға жолдамалар берілді. Жүздеген мың боз бала мен бойжеткен жаңа аймақтарға аттанды. Тағдыр Қазақстанда Кеңес Одағының әртүрлінен келген адамдардың, барлық одақтас республикалардың өкілдерінің басын қосып, туған жеріне айналды.

Әрине, тың игеру оңайға соқпады. Айналаны қарлы шөлді дала алып жатты, наурыз бораңдары да гүлдеп тұрды. Бірақ жергілікті ауылдардың халқы тың игерушілерді жылы шыраймен қарсы алды. Қазақстан миллиондаған түрлі ұлттар мен тағдырлар үшін жаңа Отанға айналып, олар Қазақ жерінде от-

басыларын құрып, осы жерде өмір сүрді.

Жерді тың игерудің басты мақсаты – астық болды. 1954 жылдан 1960 жылға дейінгі қысқа мерзімде 24 млн. гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды, мыңдаған бөлімшелері, фермалары, бригадалары бар 500-ге жуық жаңа кеңшарлар құрылды. Осының нәтижесінде республикада астық өндірісі тың жерлерді игеру басталғаннан кейінгі екінші жылы жүз мың пұттан (тың жерлерді игеруге дейін) миллиард және одан да көп пұтқа дейін ұлғайды. Қазақстан астықтың ірі өндірушісіне айналды.

Тың және тыңайған жерлерді игерудегі жетістіктері үшін 250 мыңнан астам адам жоғары наградаларға ие болды, ал

олардың 650-і Еңбек Ері атағына ие болды. Біздің ауданда осы атаққа ие болғандар аз болған жоқ, олар Алексей Дмитриевич Боридко – трактор-дала бригадасының бригадирі, Мария Ивановна Кириленко – «Советский» совхозының астық сепкіші, Николай Гаврилович Курапов – «Чистовский» совхозының директоры, Федор Васильевич Константинов – «Красная бекініс» колхозының төрағасы, Василий Николаевич Курлов – Булаев аудандық партия комитетінің хатшысы, Иван Михайлович Лизунов – Молодогвардейский кеңшарының директоры, Иосиф Иванович Миллер – Тельман атындағы ұжымшардың төрағасы, «Қарағанды» совхозының директоры, Анатолий Натанович Нусинов – «Булаевский» совхозының бөлімше басқарушысы, Степан Егорович Слонов – «Суворовский» совхозының бас инженері, Владимир Александрович Попов – «Чистовский» совхозының бас агрономы, Қасым Қажыбайұлы Телебеков – Булаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы.

Биыл тың игеруге де – 70 жыл тоды, уақыт орнында тұрмайтыны белгілі, сондықтан бұл күні көптеген тың игерушілер ортамызда жоқ. Сондықтан іс-шарада олар бір минут үнсіздікпен еске алынып, тағзым етілді. Бүгінгі күні игерушілерді және олардың ортақ іске қосқан үлестерін мақтанышпен естеріне алады. Қазіргі уақытта Мағжан Жұмабаев ауданында олардың балалары, немерелері мен шеберлері тұрады, олар алғашқы тың игерушілерді ерекше құрметпен еске алады.

Мереке иелері мен барлық қатысушылар үшін Мәдениет үйі көркемөнерпаздарының, № 2 Булаев орта мектебі оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары қонақтарға тың игеру туралы тақырыптық қойылым қойды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



С БІЛІМДІ ҰЛТ

РЕСПУБЛИКА ДЕНГЕЙІНДЕГІ ЖҰЛДЕЛІ ОРЫНДАР

24 сәуір күні Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған гимназия-интернаты базасында 5-6-шы сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың республикалық кезеңі өтті. Мағжан Жұмабаев ауданы атынан мемлекеттік тілде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен орыс тілі және әдебиеті пәндері бойынша мектебіміздің оқушылары қатысып, бақ сынады. Олимпиада қорытындысы бойынша 6-сынып оқушысы Тәжібай Әлісұлтан 1-ші орынды жеңіп алса, 5-ші сынып оқушысы Сансызбай Жансұлу 2-ші орынды иеленді. Тәжібай Әлісұлтанның жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі Қантаева Марал Жаксыбайқызы, ал Сансызбай Жансұлудың жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Даниярва Айнаш Қайыржанқызы. Мектебіміздің оқушылары өз білімдерін республика деңгейінде дәлелдеп, дарынды екендіктерін тағы бір мәрте паш етті. Ендеше, Мағжан атамыз сенген жастар ортаға суырылып шығып жатса, нұр үстіне нұр емес пе?! Олай болса, Әлісұлтан мен Жансұлуға алдағы уақытта шығармашылық табыс тілейміз!

Гүлсім ХОШИНА,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.



7 МАМЫР - ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ЕЛДІ ҚОРҒАУ - ЕРДІҢ ІСІ

ҚР Отан қорғаушылар күні қалай атап өтіледі?

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап ел күнтізбесінде жаңа мемлекеттік мерекелер пайда болды. Солардың бірі ел аумағы мен оның тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери күштердің – Отан қорғаушылардың кәсіби мерекесі болып табылады. Отан қорғаушылар күнінің тарихы жайлы не білеміз? Бұл күн – елдің қауіпсіздігі мен оны қорғауды, сондай-ақ тәуелсіздікке қауіп төнген сәтте көз келген сыртқы агрессиядан қорғап, бейбіт өмірді қамтамасыз ете алатын барлық әскери қызметшілер мен тыл қызметкерлеріне арналған. Осыған орай, ел тұрғындары барлық ер-азаматтарды осы атаулы күнмен құттықтайды. Отан қорғаушылар күні – «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы» Заңында көрсетілген тоғыз ресми мерекенің қатарына кіретін мемлекеттік мереке. Сонымен бірге атаулы күннің қоғамдық-саяси мәні бар.

Бұл күн не себепті 7 мамырда атап өтіледі?

Бұл күні 1992 жылы Қазақстан Президенті «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Бүгінде ҚР Отан қорғаушылар күні - мемлекеттік мереке және күнтізбеде ресми түрде демалыс күні ретінде белгіленген. Сондай-ақ мерекенің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының тиісті Заңында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өзінің даму тарихында бірқатар кезеңдерден өтті: 1992 жылы – ҚР Қарулы Күштерінің құрылуы, бірінші қорғаныс министрінің тағайындалуы, әскери ант қабылдау және Шығыс әскери округін құруды бастау, 1993-1998 жж. – мемлекеттік шекара, әскери міндет және қызмет туралы заңдарды қабылдау, әскери доктрина ны бекіту, қарулы күштердің түрлерін, шекара қызметін құру, 1999-2002 жж. – реформалар, кадрлық өзгерістер және екінші әскери доктрина ны бекіту, 2003-2013 жж. – әскери қуатты күшейту, әскери күштердің негізгі үш түрге көшуінің басталуы, әскерилердің жаңа түрі мен жаңа басқару органдарын құру, жаңа әскери доктрина және жаңа әскери техниканы сатып алу және оны өндіру, 2014-2016 жж.



ҚР да 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнін атап өтіледі. Бұл күні республиканың түпкір-түпкірінде түрлі әскери-патриоттық шаралар өтеді. Мерекенің Қазақстан күнтізбесіндегі рөлі қандай? Атаалан күннің тарихы жайлы не білеміз? Осы және өзге де сұрақтардың жауаптарын бүгінгі материалдан біле аласыздар.

– қорғаныс қуатын күшейту, кадрлық ауысу-түйістер және аумақтық әскерлерді құру, 2017-2020 жж. – ҚР ҚК дамуы стратегиясын кезең-кезеңімен жүзеге асыру, 2021 жылдан бастап ҚР Қарулы Күштері нығайтуға, сондай-ақ ол түрлі халықаралық жобаларға қатысып, ел бейбітшілігін сақтауға өз үлесін қосып келеді. 2022 жылы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің арнайы операциялар күштері қолбасшылығын құру туралы» Жарлыққа қол қойылды.

Мерекенің маңызы

ҚР Отан қорғаушылар күні мемлекеттік деңгейде, түрлі ұжымдар мен отбасында атап өтіледі. Қазақстан әскерінің жоғары мәртебесі арқасында ел әскерінің қуатты берік әрі мемлекет қарулы күштерді нығайту және дамытуға баса мән береді. Қазіргі таңда елде әскери реформа тұжырымдамасы ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік әскери құрылысбағдарламасы да бар. Әскер қолбасшылары оның құрылымы мен әскерилердің кәсіби

білгілігін арттыру бағытында бірқатар шараларды қолға алуда. Ел үкіметі әскери қауіпсіздікті күшейту саясатын бірнеше бағытта жүргізіп отыр: Ресеймен әскери-саяси альянс, НАТО және әлем елдерімен бірлесу жұмысы жасау. НАТО-ға мүше бірқатар елдер мен Қазақстанмен байланыс орнатқан әріптес елдерді саясат пен қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін біріктірілген Еуро-Атлантикалық әріптестік кеңесі (ЕАӘК). «Бейбітшілік үшін серіктестік» екі жақты әскери ынтымақтастық бағдарламасы.

Елде әскери қызметтің беделінің артуына бірқатар шаралар қолға алынып, көптеген ер-азаматтар осы салаға көптеп бет бұруда. Бүгінде Отан қорғаушылар күні қазақстандықтар үшін маңызды, айтулы және сүйікті мерекесіне, ал қарулы күштер бейбіт күннің символына айналды. Отан қорғаушылар күнін атап өту ерекшеліктері мен оған қатысты салт-дәстүрлер ҚР Қарулы күштері құрылған күннен бастап, елде жыл сайын мерекеге орай түрлі іс-

шаралар өтеді. Қазақстанда Отан қорғаушылар күнін кімдер атап өтеді?

Отан қорғаушылар күнін ҚР Қорғаныс министрлігінің құрылымындағы барлық құрылымдар мен мекеме екілері атап өтеді. Ресми түрде оның құрамына келесі бөлімшелер кіреді: Әскери басқару органдары. Қарулы күштердің барлық түрлері (құрлықтық, әуе қорғанысы және әскери-теңіз). Әскери-оқу және әскери-ғылыми мекемелер мен ұйымдар. Жұмылдыру кезеңінде қарулы күштер құрамына енетін барлық бөлімшелер. Сонымен бірге бұл күн әскерге қатысты бар ер-азаматтың отбасында аталып өтіледі. Десе де Қазақстан халқы бұл айтулы шараға біртіндеп келе бастады. 7 мамырды мереке ретінде атап өту – Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылдан басталды. Әскер қатарында жүрген ер азаматтың өлі үшін өткен өрен еңбегі ешқашан ұмытылмайтыны анық. Сол себепті бұл күнді бұрынғы әскери қызметкерлер де, қарулы күштердің ардагерлері де атап өтеді. Айта кетерлік, әскери қызметкерлердің арасында әйелдер де көп. Қазақстан Республикасының әскери мен армия қатарында мыңдаған әйелдер қызмет етеді. Олар ерлермен бірге өз елі мен жерін қорғауға қашан да дайын.

Елде 7 мамыр қалай тойланады?

Қазақстанда жыл сайын Отан қорғаушылар күніне арналған ресми және мәдени іс-шаралар өтеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде әскери парадта өтті. Салтанатты шеруге 400 жауынгерлік машина мен 5000 сарбаз қатысты. 2018 жылы әскерді киберқауіптерге қарсы күрес бөлімшесімен нығайту туралы шешім қабылданды. Айтулы шара «Отар» әскери базасында салтанатты түрде атап өтілді. 2019 жылдың 7 мамырында соңғы әскери шеру өтті. Қазақстан Республикасында 7 мамыр – демалыс күні, бұл туралы 2024 жылдың ҚР-дағы мерекелік және демалыс күндерінің өндірістік күнтізбесінде айтылған. Осылайша барлық қазақстандықтар биыл қатарынан үш күн демалады. Отан қорғаушылар күнінің ел тұрғындарының патриоттық сезімін арттырып, әскери қызметтің ролін күшейтуге маңызы зор. Сол себепті республика армиясы нығайтып, Қазақстан аспаны мәңгілік ашық болсын деп тілейміз.

Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Бұл дегеніміз – батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Қай дәуірде болсын, Отан қорғау әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келген. Өзін ер азаматтың деп санайтын жеудесінде ар-намысы, бойында жігері, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы.

ӘСКЕРГЕ БАРУ - ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ



Президент 2024 жылғы мерзімді әскери қызметке шақыру туралы жарлыққа қол қойғаннан бастап, еліміздің түпкір-түпкірінен азаматтар әскер қатарына шақырыла бастады. Әскерге барып, перзенттік парызын абыроймен орындаған азаматтардың бірі – Бекболат Фазизов. Бекболат Жұмабекұлы 2001 жылы 22 ақпанда Сарытомар ауылында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті тәмамдап, Петропавл қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы жоғарғы колледжде оқуға түседі. 2022 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алып шыққан жас маман

бірден жұмысқа шықпай, әскерге баруға дайындалады. Өйткені оның отбасындағы тәрбие солай. Әкесі Жұмабек «Елді қорғау – ердің ісі» екенін жастайынан балаларына сіңіріп өсірген.

Осылайша, тепсе темір үзетін жас жігіт күзде әкесінің ақ батасын алып, әскери борышын өтеу үшін Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жаңғызтөбе ауылында орналасқан №47007 әскери бөліміне аттанады.

Бекболат Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында бір жыл әскери борышын өтеп, әскери өмірдің қыр-сырын меңгеріп, абыройлы қызмет етеді. Өткен жылы ол туған жеріне аман-есен оралып, қолына әскери билетін алды.

– Қазақстан аумағын қорғауға әскерге шақырылған жастарға айтарым – кез келген азамат көмелетке жеткен соң, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен атқаруға міндетті деп есептеймін. Осыныша иен байтақ жерді аманатқа тастап кеткен аталарымыздың ерлігі мен батырлығы дәстүрін жалғастыру – біздің әрқайсымыздың перзенттік борышымыз дегім келеді.

Мен мағжандық жастарды әскерге баруға шақырып, келе жатқан 7-ші мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Не болса да, елдің ертеңі үшін қызмет ететін азаматтардан қазақ жұрты үлкен үміт күтеді. Тәуелсіз мемлекеттің тірегі де, келешегі де, ертеңі мен болашағы да жастардың қолында емес пе? Сондықтан, азаматтық борышты өтеуде еңкерлік танытпайық, жігіттер, – дейді Бекболат Фазизов.

Иә, шынында да, әскерден жалтару жігітке жараспайтын қасиет. Сондықтан әрбір ер азамат денсаулығын жарап тұрса, Отан алдындағы борышыңды өтеуге асығу керек деп санаймыз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ!

«Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген екен Бауыржан Момышұлы. Осы сөздің өзегіне бойласаң көп ақиқат ашылады. Отанды қорғау, ең алдымен, ер азаматтардың міндеті.

«Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті», – деп Ата Заңда көрсетілген осы бір мағыналы ұғымды өскелең ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсуі керек. Әсіресе, жастарды мектеп жанында алғашқы әскери дайындық нығайту қатыстыра жүріп, болашақ әскери қызметке дайындау керек. Жалпы өз Отаны – Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы жауапкершілігін ұғындыру барша азаматтардың негізі борышы болып табылады.

Халқымыз туған жерді ерлікпен қорғаған және қорғайтын азаматтарға, әскери борышын өтеушілерге әрқашан құрметпен қарайды. Біздің ауданымыздан да Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, бүгін елін қорғап жүрген ержүрек жастарымыз жетерлік.

Бүгінгі біздің сөз еткелі отырған жерлесіміз, шекара қызметінің қатардағы жауынгері Куриной Дмитрий Николаевич жайлы болмақ. Дмитрий Куриной 1997 жылы 21 мамыр күні Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында дүниеге келген. Алғашы білімін ауылдағы мектептен алып, кейін 2015-2016 жылдары Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінде оқыған.

Оқуын ойдағыдай тәмамдап, қолында диплом алған Дмитрий Отар қаласындағы 21450 әскери бөлімінде аға атқыш лауазымын абыройлы атқарып, Отан алдындағы парызын өтеген. Еліне аман-есен оралған соң, әскери қызметтің қыр-сырын меңгерген кейінгіміз 2021 жылы келісімшарт бойынша әскери қызметке «Қасқат» шекара бөлімшесіне барлаушы-жүргізушісі лауазымына тағайындалып, бүгінгі күнге дейін қызмет етіп келеді. Қазіргі таңда Дмитрий Куринойдың отбасылық жағдайы үйленген, өзінің аяулы



жан жарымен бірге олар 2 қыз тәрбиелеп отырған бақытты жандар.

Қазақ та «Ер - ел үшін туады, ел үшін өледі» деген жақсы сөз бар. Бір әулеттің ғана емес, халықтың ұлы болу – кез келген ер азаматтың арманы ғой, сол себепті де бөріміздің жүрегіміз еліміз-жерім деп ұрып тұруы керек. Токсан ауыз сөздің тобықтай түірін айтып, сөзімді қорғандылайтын болсам, Отанымызды қорғайтын барлық азаматтарға алдағы уақытта жұмыстарына талағай табыс пен бақыт тілей отырып, шекара шебінде осындай сегіз қырлы бір сырлы, тепсе темір үзетін нар тұғалы азаматтарымыз бен азаматшаларымыз көп болсын деп сөзімді аяқтаймын.

Қуаныш ЕЛЕМЕС,
«Қасқат» шекара бөлімшесінің бастығының орынбасары, лейтенант.

АЛАЯҚТАР СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН АЗАМАТТАРДЫ АЛДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУДА

Алаяқтықтың бұл түрі жаңа емес, алайда соған қарамастан кейбір азаматтар алаяқтардың айла-шарғыларының құрбаны болып жатады. Fingramota.kz негізгі қауіпсіздік шараларын еске салады.

Су тасқынынан зардап шеккендерге өтемақы төленіп жатыр ма?

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша су тасқынынан зардап шеккендер жергілікті атқарушы органдардан, яғни әкімдіктерден біржолғы төлем алатын болады. Төлемдер мөлшері әр өңірде келтірілген материалдық залалды есептеу үшін құрылған арнайы комиссиялардың шешімі бойынша жеке белгіленетін болады. Ол үшін су тасқыны салдарынан айырылған мүліктің тізімдерін, залалды растайтын фото -, бейнематериалдарды, жылжымайтын мүлік объектісін идентификаттау құжаттарын және басқа да құжаттарды қоса бере отырып, әкімдіктерге өтінішпен жүгіну қажет. Өтемақы төлеу рәсімі неғұрлым толық ақпаратты тек жергілікті атқарушы органдардан алуға болады.

Қазақстанның барлық азаматтарына банктерден және Еңбек министрлігінен «өтемақы» төленеді.

Жалған хабарландыруларды барынша шынайы етіп көрсету үшін қылмыскерлер қазақстандық банктер мен мемлекеттік органдардың атауларын пайдаланады. Мысалы, соңғы атауда Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Халық банкпен бірлесіп өтемақы төлейтіні, сондай-ақ Қаржы министрлігінің жаңа қаулысы шыққаны жөнінде хабарламалар жариялануда. Вижуалда ұйымдардың логотиптері мен брендтік элементтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының елтанбасы пайдаланылады.

Алаяқтар адамдарды жаңылыстыру үшін әр жарнама постының астында «Жедел төлем үшін рақмет», «Сома сол күні түседі», «Өтінімдерді шұғыл беріңіз» деген мәтінмен



АЛАЯҚТАР СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН АЗАМАТТАРДЫ АЛДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУДА

«Жеке сөйкестендіру нөміріңізді төлемдердің бар-жоғына тексеріңіз», «Сілтемеге басып, 3 млн теңгеге дейін өтемақы алыңыз», «Мемлекеттен тезірек жәрдемақы алыңыз» - әлеуметтік желілерде қаскүнемдер осындай сынды жалаан ақпараттар орналастырып, Қазақстандықтардың дербес деректерін қолаға түсіруге тырысып бауда.

Боттар түсіндірмелерін орналастырады. Алаяқтардың басты мақсаты – азаматтардың «Толық» немесе «Өз өтемақымыз тексеру» дегенді басып, фишингтік сілтемелерге өтуін мәжбүрлеу. Одан кейін пайдаланушы алаяқтық сайтқа тап болады, ол сайтта ақша алу үшін тіркеу ұсынылады. Ал бұл үшін ЖСН, банктік карталардың деректемелері, SMS-хабарлама сияқты дербес деректер енгізу қажет болады.

Азамат бұл талапты қалай орындайды, солай олардың деректері автоматты түрде

алаяқтардың қолына түседі. Қаскүнемдер өз құрбандарының шоттарындағы бүкіл ақша қаражатын алуы мүмкін немесе «бөгдеге» кредит рәсімдеуі мүмкін. Сондай-ақ күмәнді сайттарға өткеннен кейін хакерлік шабуылға тап болу тәуекелі бар, ол пайдаланушының құрылғысына шлюндық бағдарламалар орнатуда негізделеді. Алаяқтар осы қосымша арқылы онлайн-банкінге және басқа да құпия ақпаратқа қол жеткізе алады. Рас-өтірігін атынан жалған ақпарат таратқан ұйымға жүгіне отырып білуге болады. Мысалы еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі фейкке хабарламада көрсетілген сілтеме қаскүнемдердің пайдаланушының жеке деректерін алу тәсілі болып табылады деп хабарлап жедел ден қойды. «Мемлекеттік қолдаудың тиесілі шаралары туралы ресми ақпарат 1414 нөмірінен SMS-хабарламалар арқылы ғана таратылады. Азаматтарды ресми дерекздеріне ғана сенуге шақырамыз», - деп атап өтті ведомство өкілдері ресми рәсімде.

Алаяқтар көз-келген нөмірлерді, оның ішінде төрт таңбалы нөмірлерді қолдан жасай алатындығын есте ұстаған жөн, сондықтан ұйымдардың жедел желілерінің нөмірін терген кезде ешқандай жағдайда SMS-хабарлама арқылы жіберілетін нөмір бойынша қайта қоңырау шалуға немесе сілтемелерге өтуге болмайды.

Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білу керек?

- Әрқашан банктің, мемлекеттік органдардың ресми сайттарынан төлемдер туралы ақпаратты тексеріп жүріңіз.

- Өзіңіздің жеке және банктік деректеріңізді, әсіресе картаның арғы бетіндегі үш санды және оның жарамдылық мерзімін жарияламаңыз.

- Ақша туралы сөз қозғайтын бейтаныс адамдардың қоңыраулары мен хабарламаларына сенбеңіз.

- Қартандықдың 3D-Secure функциясын өшірмеңіз.

- Барлық транзакцияларды көріп отыру үшін мобильді қосымшадағы SMS- және push-хабарламаларды қосып қойыңыз.

- Электрондық поштаға және мессенджерлерге жіберілген қоса берілген белгісіз файлдарды ашпаңыз.

- Алаяқтардың сайттарына өтуге мүмкіндік бермейтін вирусқа қарсы сенімді бағдарламаны орнату қажет.

- Ақшалай қаражат тоналған жағдайда, құқық қорғау органдарына өтінішпен жүгініңіз.

КРЕДИТ БЕРУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ



КРЕДИТ БЕРУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Заң жобасында мынадай негізгі ережелер көзделді.

1. Проблемалық қарыздары бар азаматтардың борыш жүктемесін азайту үшін банктер мен МҚҰ-ның азаматтардың төлем мерзімі 90 күннен астам өткен кредиттер бойынша оларға кредиттер беруіне тыйым салынады.

Бұдан басқа, банктер мен МҚҰ үшін барлық қолданыстағы (өтелмеген) тұтынушылық кредиттер бойынша төлем мерзімі 90 күн өткеннен кейін сыйақы есептеуге тыйым салынады.

Азаматтардың проблемалық кредиттерді реттеуге арналған құқықтарын іске асыру үшін жеке тұлғалардың кредиттерін мерзімі өткен берешек туындаған сәттен бастап жиырма төрт ай өткенге дейін және айынушылардың, өсімшұлардың мен комиссиялардың күшін толық жоюды қоса алғанда, қарыз алушы қарыз бойынша берешекті өтей алатын тараптар үшін өзара қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін берешекті реттеу рәсімдерін жүргізу кезінде коллекторлық агенттіктерге сатуға шектеу енгізіледі.

Сонымен қатар, банктер мен МҚҰ азаматтардың берешегін реттеу бойынша саналы жұмыс жүргізуі үшін қарыздарды коллекторларға беруге екі жылдық мораторий (2026 жылғы 1 мамырға дейін) енгізу ұсынылады.

Сондай-ақ қарыздары коллекторларға беріліп қойған қарыз алушыларды қолдау үшін коллекторлардың жеке тұлғаларды сатып алынған кредиттері бойынша берешекті реттеу рәсімдерін жүргізу

міндеті енгізіледі.

Азаматтардың жаңадан басқаға берілген кредиттері бойынша мораторий аяқталғаннан кейін коллекторлар азаматтардың борыш жүктемесін азайту үшін есептелген және төленбеген сыйақыны есептен шығаруға міндетті болады.

Борыш жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектеудің қосымша шарасы ретінде тұтынушылық кредит ұғымын заңнамалық тұрғыдан енгізу ұсынылады. Бұл ретте банктер мен МҚҰ-ның халыққа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең жоғары мөлшерден артық сомаға (банктер үшін – 5 млн теңге, МҚҰ үшін – 3 млн теңге) тұтынушылық кредиттер беруіне тыйым салынады.

Барлық кредиттер бойынша жиынтық берешекті шектеу үшін жаңа микропруденциальдық норматив, яғни кредиттер бойынша жиынтық берешектің қарыз алушының кірісіне қатынасы енгізіледі. Нормативтің мәні және оны есептеу тәртібі Агенттіктің актісімен айқындалатын болады.

Бұдан басқа, банктер мен МҚҰ-ның барлық кредиттері үшін мөлшері Ұлттық Банк пен Агенттіктің актілерінде айқындалатын ЖТСМ-нің шекті мөнін сақтау жөніндегі талаптарды белгілеу жолымен банктердің және МҚҰ-ның кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азайту бойынша бірінші тәсіл енгізіледі.

Азаматтардың шамадан тыс кредит алуы онлайн-микрокредит беру секторында байқалатынын ескере отырып, 50 АЕК-ке дейінгі сомаға, 45 күнге дейінгі мерзімге

Мемлекет басшысының халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту бойынша жүйелі шаралар қабылдау жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттігі) Парламент депутаттарымен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын (бұдан әрі – Заң жобасы) әзірледі.

берілетін микрокредиттің ерекше түрінің күшін жою, сондай-ақ барлық микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін белгілеу ұсынылады.

2. Кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті сотқа дейінгі реттеу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін қарыз алушының төлем мерзімінің өтіп кетуі туралы хабардар ету мерзімі күнтізбелік 20 күннен 10 күнге дейін, оның ішінде ақпараттандыру объектілері (банктер мен МҚҰ-ның мобильдік қосымшалары) арқылы қысқартылады. Сондай-ақ банк омбудсманьның азаматтардың барлық кредиттері бойынша дауларды қарау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту және микроқаржы омбудсманьн құру көзделген. Омбудсманьлардың шешімдері банктер, МҚҰ және коллекторлық ұйымдар үшін міндетті болады.

Мерзімді өскери қызметке шақырылған азаматтарды қолдау үшін банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша сыйақы есептемей төлем мерзімін автоматты түрде кейінге қалдыру көзделді.

3. Атқарушылық іске жүргізу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін комелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан шығаруға тыйым салу, сондай-ақ қарыз алушының банктік шотында сақталатын ақша сомасын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1-ден 2 еселенген мөлшеріне дейін (87 мың теңге) ұнғайту енгізіледі. Бұдан басқа, банктерге ХЭОТ-қа жататын бұрынғы меншік иелеріне балансаға өткен тұрғын үйді жалға беру құқығы беріледі.

4. Азаматтардың құқықтарын кредитторлардың жосымсыз өрекеттерінен қорғау үшін берешекті өндіріп алу кезінде банктер, МҚҰ, коллекторлық агенттіктер мен қарыз алушылар арасындағы дауларды төрелік соттарда қарауға тыйым салу, сондай-ақ МҚҰ мен коллекторлық агенттіктердің нотариустармен және жеке сот орындаушыларымен үлестес болуына тыйым салу енгізіледі.

5. Азаматтардың банкроттық рәсіміне қол жеткізуін жеңілдету үшін заң жобасында борышкердің мерзімі өткен берешекті реттеуді, сондай-ақ реттеу және өндіріп алу рәсімін өткізу мерзімін 18 айдан 12 айға дейін қысқартуды растайтын құжатты беруі жөніндегі талап алып тасталады. Сондай-ақ, азаматтардың олардың алдындағы міндеттемелері соттан тыс банкроттық рәсімімен қамтылатын кредиторлардың тізбесі (тарату сатысындағы қаржы ұйымдары, сондай-ақ азаматтарға құқықтары (талантары) бар ұйымдар) кеңейтілді.

6. Кредиттер бойынша алаяқтықты азайту мақсатында клиентті биометриялық сөйкестендіру жүргізбей электрондық банктік қарыздар мен онлайн микрокредиттер беруге тыйым салу енгізіледі. Сондай-ақ, бір уақытта алаяқтық кредиттердің рәсімделуіне жол бермеу үшін банктер мен МҚҰ-ның осындай өтінімдер бойынша мәліметтерді нақты уақыт режимінде кредиттік біороға ұсыну міндеті енгізіледі.

Заң жобасында тергеу іс-шараларын жүргізу кезінде сыйақы есептеуді және наразылық-талап қою жұмысын тоқтата түру турінде алаяқтық кредиттер бойынша туындаған берешекті реттеу міндеті көзделді. Бұл ретте қарызды алаяқтық тәсілмен рәсімдеу фактісі белгіленген заңды күшіне енген сот шешімі болған жағдайда клиентке қойылатын талаптар тоқтатылады.

Ағымдағы жылғы ақпан айынан бастап азаматтардың кредит алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу құқығы заңнамалық деңгейде енгізілді. Бұл ретте заң жобасында азаматтардың кредит алудан ерікті түрде бас тартуы болған жағдайда кредиторлардың рәсімделген кредиттер бойынша борышты есептен шығару міндеті көзделген.

Заң жобасын қабылдау азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге және халықтың шамадан тыс кредит алу тәуекелдеріне жол бермеуде маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.



Дүйсенбі, 6 мамыр	Сейсенбі, 7 мамыр	Сәрсенбі, 8 мамыр	Бейсенбі, 9 мамыр	Жұма, 10 мамыр	Сенбі, 11 мамыр	Жексенбі, 12 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.35 ЖӘДІГЕР. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ОТАНДЫҚ BRENД. 14.45 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 00.45 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.45 ЖӘДІГЕР. 06.30, 02.20 ӨЗЕКТІ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.00, 16.40, 20.20, 23.00 КОНЦЕРТ. 15.00 ӨЗІЛ ӘЛЕМІ. 16.10, 01.50 Д/Ф. 20.00 АҚПАРАТ. 00.00 «КӘЗБАТ», Х/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.00 ЖӘДІГЕР. 06.25 «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ», Д/Ф. 06.40 «МӘНШҮК ТУРАЛЫ ДАСТАН», Х/Ф. 08.00, 03.25 «АСПАНДЫ БАҒЫНДЫҒАН ХИУАЗ», Д/Ф. 08.30 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.50, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.30 КОНЦЕРТ. 15.55 М/Ф. 17.25 «ЕРЕН ЕРЛІК ТҮЛФАСЫ», Д/Ф. 20.00 «ӘНІМ СЕН ЕДІН...». 23.00 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ», Х/Ф. 01.20 КОНЦЕРТ-СПЕКТАКЛЬ. 02.45 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ». 07.05 «МЕРГЕНДЕР», Х/Ф. 08.45 КОНЦЕРТ-СПЕКТАКЛЬ. 10.00, 02.00 Д/Ф. 10.35, 19.00, 22.20, 03.05 КОНЦЕРТ. 11.50, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.30 М/Ф. 15.00 «ӘН МЕН ӘНШІ». 17.35, 02.30 «МАЙДАНГЕР ҚАЛАМГЕРЛЕР», Д/Ф. 18.10 БИРЕГЕЙ. 23.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.30 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.30, 01.55 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35, 02.55 ӨЗЕКТІ. 14.50, 03.20 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 01.05 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.45 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.50 ЖӘДІГЕР. 06.30, 03.15 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ШАНЫРАК. 07.30, 02.10 БИРЕГЕЙ. 08.00 «САҒЫНДЫҒАН ӨНДЕР-АЙ». 09.00, 01.05 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.45 «КӨКСЕРЕК», Х/Ф. 15.30 М/Ф. 17.00 АҚПАРАТ. 17.20, 01.55 ОТАНДЫҚ BRAND. 17.435 ҚОҢЛ ТOLҚЫНЫ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 21.45 Т/Х «ӘЛКЕЙ ҒҰЛАМА ҒҰМЫР». 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.20 ЖӘДІГЕР. 06.30 ШАНЫРАК. 07.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.50, 02.35 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ». 08.35, 20.40 ҚОҢЛ ТOLҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.00 М/Ф. 15.30 КОНЦЕРТ. 17.05 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 20.00, 01.55 АЛАПАТ. 20.30, 02.25 АҚОРДА. 21.45 Т/Х «ӘЛКЕЙ ҒҰЛАМА ҒҰМЫР». 23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 00.00 QAZAQSTAN DAУЫСЫ.

Дүйсенбі, 6 мамыр	Сейсенбі, 7 мамыр	Сәрсенбі, 8 мамыр	Бейсенбі, 9 мамыр	Жұма, 10 мамыр	Сенбі, 11 мамыр	Жексенбі, 12 мамыр
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «СТАТУС БРЭДА», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІң НАЗАРДА. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «МЕХАМАТО». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «КАПКАН ДЛЯ ЗОЛУШКИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М/Ф. 11.30 Д/Ф. 12.00 Т/Х «БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ». 14.00 Т/Х «КЕБЕНЕК». 16.00, 23.30 Т/Х «КОМИССАРША». 18.00, 23.30 Т/Х «КОМИССАРША». 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.15 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 10.20 М/Ф. 12.00 Т/Х «БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ». 14.00 Т/Х «КЕБЕНЕК». 16.00, 23.30 Т/Х «КОМИССАРША». 18.00 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ», Х/Ф. 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 12.15 «БОЛЫШЕ ЧЕМ ЛЮБОВЬ», Х/Ф. 14.00 Т/Х «КЕБЕНЕК». 16.00, 23.30 Т/Х «КОМИССАРША». 18.00 «ЛЕТО 1941 ГОДА», Х/Ф. 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОТДЫХ. 10.20 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00 Т/Х «КОМИССАРША». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 23.15 «ЗЕМЛЯ ОБЕТОВАННАЯ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.00 Д/Ф. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 М/Ф. 11.50 М/Ф «МЕХАМАТО». 12.00 «ЗЕМЛЯ ОБЕТОВАННАЯ», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСПЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 17.15 «КҮШІК ҚУДА», Х/Ф. 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 «КРИМИНАЛЬНАЯ ФИШКА ОТ ГЕНРИ», Х/Ф. 23.40 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 00.30 ӨСЕМ ӘНДЕР.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛІ», Д/Ф. 10.00 М/Ф. 12.00 «КРИМИНАЛЬНАЯ ФИШКА ОТ ГЕНРИ», Х/Ф. 13.45 «КҮШІК ҚУДА», Х/Ф. 15.30 ӨКЕ КӨРГЕН. 16.15 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 17.45, 23.55 «ДОНОР», Х/Ф. 19.30 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ. 22.10 «ДОРОГОЙ ДЖОН», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 6 мамыр	Сейсенбі, 7 мамыр	Сәрсенбі, 8 мамыр	Бейсенбі, 9 мамыр	Жұма, 10 мамыр	Сенбі, 11 мамыр	Жексенбі, 12 мамыр
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 08.00, 03.50 «П@УТИНА». 09.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 09.45 Т/С «ЖДИ МЕНЯ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ». 00.20 Т/С «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.50, 03.15 «П@УТИНА». 08.45 «ОДНА ВОЙНА», Х/Ф. 10.20 «ДИНА И ДОБЕРМАН», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МАМКИНА ЗВЕДОЧКА». 00.10 Т/С «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.50, 03.15 «П@УТИНА». 09.00 «РАЗЖАЛОВАННЫЙ», Х/Ф. 10.40 «ДИВЕРСАНТ. КРЫМ», Х/Ф. 14.45 «В БОЙ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ», Х/Ф. 16.25 «ВЫСОТА 89», Х/Ф. 18.25 МИНУТА МОЛЧАНИЯ. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ВОЗВРАЩЕНИЕ ГЕРОЕВ», Д/Ф. 21.10 «ПРАВЕДНИК», Х/Ф. 00.10 Т/С «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».	06.00, 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.55, 03.15 «П@УТИНА». 09.00 «РАЗЖАЛОВАННЫЙ», Х/Ф. 10.40 «ДИВЕРСАНТ. КРЫМ», Х/Ф. 14.45 «В БОЙ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ», Х/Ф. 16.25 «ВЫСОТА 89», Х/Ф. 18.25 МИНУТА МОЛЧАНИЯ. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ВОЗВРАЩЕНИЕ ГЕРОЕВ», Д/Ф. 21.10 «ПРАВЕДНИК», Х/Ф. 00.10 Т/С «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 08.10, 03.45 «П@УТИНА». 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 «ПЕРЕВОДЧИК», Х/Ф. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПОМИЛОВАНИЕ». 00.00 «ПЯТЬ НЕВЕСТ», Х/Ф.	06.00, 03.35 ТАМАША CITY. 08.00, 02.50 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «РОДНЫЕ ЛЮДИ», Х/Ф. 14.20 «ЗАПАСНОЙ ИНСТИНКТ», Х/Ф. 18.30, 02.25 АЙНА. 19.00 «ТРИ ДНЯ ДО ВЕСНЫ», Х/Ф. 20.50 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. ВРАГ ЗА СПИНОЙ», Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТАМАША CITY. 07.30, 02.00 «П@УТИНА». 08.20 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.35 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.30 ҚАЙМАҚ. 10.00 «РОДНЫЕ ЛЮДИ», Х/Ф. 14.00 «ПЮРОКИ И ИХ ПОКЛОННИКИ», Х/Ф. 18.10 «ВАСИЛЬКИ ДЛЯ ВАСИЛЬКИ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. ВРАГ ЗА СПИНОЙ», Х/Ф. 00.45 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп, Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек. Абай ҚҰНАНБАЕВ.



АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!



«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ» қоғамдық бірлестігі екінші дүниежүзілік соғысында хабар-ошарыз кеткен Аталарымызды іздегісіз, жерленген жерлерін белгілеу үшін тізімдерін қалыптастырады.

- Өтініш беру үшін келесі мәліметтер керек:**
(барлық сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз)
- Атаңыздың аты-жөні.
 - Туған жылы (шамамен).
 - Қайдан шақырылған (ауыл, село, аудан, облыс).
 - Әйелінің, ата-анасының, ағайындарының, апа-қарындастарының аты-жөнін білсеңіздер, жазыңыз. Әрбір аты маңызды, сонда іздеу оңай (көптеген қазақ, түркі тегі, аттары дұрыс жазылмаған, бұрмаланған).
 - Ресейдің мұрағаттарында іздедіңіздер ме? Ресейлік «ОБД Мемориал» сайтында деректер бар ма? Егер мұрағаттардан, Боздақтар Кітаптарынан, сайттардан мәліметтер бар болса, бізге жіберу керек.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ХҚКО-ЛАР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Мамыр айындағы мереке күндері халыққа қызмет көрсету орталықтары мен арнайы ХҚКО-лардың жұмыс кестесі өзгеретіні хабарланады.

«Қазақстандағы халыққа қызмет көрсету орталықтары, соның ішінде мамандандырылған орталықтар 1, 7 және 9 мамырда жабылады. Назар аударыңыздар, орталықтар сенбі, 4 мамырда сағат 18:00-ге дейін, ал кезекшілер сағат 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Сонымен қатар 8 мамыр күні 13:00-ге дейін жұмыс істейді», делінген хабарламада.

МАНСАП ОРТАЛҒЫ ХАБАРЛАЙДЫ

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ



Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның мансаптық орталығы жұмысыздар арасынан жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оқуға қабылдауды жүргізеді.

Оқуға келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі: тігінші, тракторшы, бухгалтер, электрші, аспазшы. Оқуға 3 айдан аспайды. Оқудан өтіп жатқан жұмысыздар оқу ақжысын төлеу, шөкіртақ, тұру, жол жүру және медициналық тексеру бойынша мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Өтінім беру және қызықтыратын сұрақтар бойынша Булаев қаласы, Мир көпесі, 8 А, 13 кабинет мекен жайы бойынша мансап орталығына жүгінуге немесе 2-81-54 телефоны бойынша хабарласуға болады.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ!
ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ
ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

СКО ІІД Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі орта, орта-арнайы және жоғары білімі бар 35 жасқа дейінгі үміткерлерді ішкі істер органдарына қызметке шақырады.



М.ЖҰМАБАЕВ
АУДАНЫНЫҢ
ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ

- Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:
- жұмыс берушінің есебінен бастапқы оқыту және біліктілігін арттыру;
 - қызмет өтілі мен арнайы атағына байланысты лауазымдық жалақы мөлшерінің ұлғайымен тұрақты және уақтылы жалақы;
 - сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;
 - тұрғын үй төлемдері;
 - ведомстволық емдеу мекемелерінде медициналық қызмет көрсету;
 - арнаулы атағына байланысты 48 жастан зейнеткерлікке шығу.
- Қызметке тұру сұрақтары бойынша Булаев қаласы, Юбилейная к-сі, 52 үй, «Кадр саясаты тобы» 33 каб. келуге болады. Анықтама телефондары: 2-00-44, 2-18-08, 8-775-171-76-65.
- Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

АЛДАҒЫ 6 ЖЫЛДА СҰРАНЫСҚА ИЕ БОЛАТЫН 25 МАМАНДЫҚ



Еңбек ресурстарын дамыту орталығы 2024-2030 жылдары сұранысқа ие болатын 25 мамандық тізімін жариялады.

- Орта мерзімге жасалған болжамда алдағы 6 жылда келесі мамандық иелеріне сұраныс артуы ықтимал:
1. Есепшілер – 93 мың адам;
 2. Күзетшілер, инкассаторлар және соған байланысты кәсіптер – 77 мың адам;
 3. Дүкен сатушылары мен олардың көмекшілері – 77 мың адам;
 4. Жүргізушілер мен автокөлік жүргізушілері – 44 мың адам;
 5. Әлеуметтік ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері – 35 мың адам;
 6. Күтім бойынша орташа медициналық персонал – 33 мың адам;
 7. Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер – 32 мың адам;

8. Жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері – 31 мың адам;
9. Кеңсе қызметкерлері (жалпы бейні) – 30 мың адам;
10. Бастауыш сынып мұғалімдері – 26 мың адам;
11. Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары – 24 мың адам;
12. Жылжымайтын мүлікпен және басқа мүлікпен операциялар жөніндегі агенттер – 24 мың адам;
13. Жүк көлігінің жүргізушілері – 24 мың адам;
14. Такси жүргізушілері – 19 мың адам;
15. Аспаздар – 19 мың адам;
16. Дәнекерлеушілер – 17 мың адам;
17. Фастфудтан басқа тез тамақтану мекемелеріндегі аспаздар – 17 мың адам;
18. Басқа орта мектеп мұғалімдері – 16 мың адам;
19. Құрылыс бөлімшелерінің басшылары – 15 мың адам;
20. Шаштараздар – 13 мың адам;
21. Құрылысшылар-ерлеушілер, суретшілер үстіндегі бригадирлер – 13 мың адам;
22. Сантехниктер – 13 мың адам;
23. Математика ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері – 12 мың адам;
24. Аралас өнім өндіретін фермерлер мен жұмысшылар – 12 мың адам;
25. Автобус жүргізушілері – 12 мың адам.

2024 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі - Хасенов Рашид Төлеуұлы апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Чистовское ауылы, тел. 2-45-35.

Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі - Қалиев Мәдениет Мекенұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полудино ауылы, тел. 2-65-73.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка ауылы, тел. 3-12-62.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің әкімі - Темірханов Темірболат Әділұлы әр аптаның сайсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Жастар ауылы, тел. 2-35-29.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел. 3-66-12.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

- «Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі өкімі аппараты» КММ - 8(71531) 2-45-35.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округі өкімі аппараты» КММ - 8(71531) 2-65-73.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі өкімі аппараты» КММ - 8(71531) 3-12-62.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі өкімі аппараты» КММ - 8(71531) 2-35-29.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі өкімі аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.

<p>Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басшының иелісі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Juldzyz» газеті редакция тегіліп беттеледі. «Сенімді Қазақстан» баспаханасында басылды. (Шетропатл к., Қоңуков к-сі, 5 үй). Тарамағы - 680</p>	<p>Газет аудан өкілінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басшылық болып табылады</p>
---	---	--	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г қуәлігін алған. Жарнамаңың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады